



## ЭКОНОМИКС

### Ақшаның көбеюі және инфляция





### Дәрістің жоспары:

1. Инфляция дегеніміз не?
2. Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы. Филлипс қисығы.

### Инфляция дегеніміз не?

«Инфляция» терминін экономистер экономикада бағаның жалпы деңгейі өскен кездегі жағдайды көрсету үшін пайдаланады. Инфляцияны зерттеу алғаш рет ақшаның сандық теориясы тұрғысынан қарастырылды. XVI ғасырда француз экономисі, философ, әрі теоретик Жан Боден (1529–1596) бағаның көтерілуін алтын мен күмістің жеткізілімімен түсіндіруге тырысты. Осыдан кейін классикалық теория да осы идеяны жалғастырып, белгілі бір кезеңдегі бағаның өсуін болжауға және түсіндіруге атсалысты.

Инфляция – бағалардың жалпы деңгейінің өсуі нәтижесінде ақшаның сатып алушылық қабілетінің төмендеуі және оның құнсыздануын білдіретін көпфакторлы экономикалық құбылыс.

Инфляцияға қарама-қарсы құбылысты, яғни бағалардың жалпы деңгейі мен шығындардың төмендеуін дефляция деп атайды, ал бағалардың өсу қарқынының бәсеңдеу құбылысы дезинфляция деп аталады. Дефляция мен дезинфляция жөнінде кейінірек сөз қозғаймыз.

Инфляция деңгейі өз кезегінде, өткен кезеңмен салыстырған, баға деңгейінің қаншалықты өзгергенін көрсетеді. Инфляция деңгейі тұтыну бағасының индексі (ТБИ) арқылы өлшенеді:

Инфляция деңгейі =  $(\text{ТБИ2-жылдағы} - \text{ТБИ1-жылдағы}) / \text{ТБИ1-жылдағы}$

Бағалардың өсуі екі себептен туындайды – сұраныстың ұсыныстан артып кетуінен (сұраныс инфляциясы) және өндіріс шығындарының өсуінен (шығын инфляциясы).

«Сұраныс» инфляциясы – өндірістің нақты көлеміне қарағанда жиынтық сұраныстың артықшылығынан туындайтын және сатып алушылар тарапынан болатын инфляцияның бір түрі. Сұраныс инфляциясының графикалық көрінісін «Экономикс» оқулығының 734-бетіндегі 35.2-сызба арқылы түсіндіруге болады.

«Шығын» инфляциясы – өндіріс шығындарының және ресурстар бағаларының күрт өсуіне байланысты орын алатын дайын өнімге деген бағаның өсуі мен өндіріс көлемінің қысқаруын білдіретін сатушылар тарапынан болатын инфляцияның түрі. Инфляцияның бұл түрінің тәжірибе жүзінде пайда болуының себебі кейінгі бағыттың инфляция тек толық жұмысбастылық жағдайында ғана орын алады деген қағидасының дұрыс болмағанымен тығыз байланысты болады. Әлемнің көптеген елдерінде инфляцияның көріністері жұмыссыздықпен және өндірістің құлдырауымен ұштастырылды. Шығын инфляциясының графикалық көрінісін «Экономикс» оқулығының 743-бетіндегі 35.6-сызба арқылы түсіндіруге болады.

Инфляциялық салық. Үкімет экономиканың күрделі мәселелерін шешумен айналысқанда, әсіресе, экономикалық белсенділікті көтеру мақсатында мемлекеттік бюджет шығындарын арттырады. Егер салық салудың тұрақты деңгейінде мемлекеттік шығындардың артуы салдарынан бюджет тапшылығы орын алса, онда үкімет өз шығындарын жабу үшін ақшаны «басып шығарады» және содан табыс көреді, сөйтіп инфляциялық салықты өндіріп алады. Ақшаны басып шығарғанда, баға деңгейі артады және ақшаның сатып алушылық қабілеті төмендеп, еңбекақы тұрақты болған жағдайда ақша құнсызданады. Ақша басып шығару адамдарға үдемелі салық салу ретінде көрінеді, яғни, адамдар қолдарында көбірек ақша ұстаған сайын, инфляциялық салықты көбірек төлейтін болады.

Инфляциялық салық – үкіметтің ақша басып шығаруы арқылы табысын арттыруы.

Инфляциялық салық мәселесі гиперинфляция құбылысына әкеп соқтырады. Гиперинфляция кезінде бағалар төтенше жағдайда өте шапшаң өседі және өскен бағалар деңгейі төрт таңбалы астрономиялық санмен жоғары құлдилаыды. Гиперинфляцияның зардаптарын Германия 1920 жылдары, Латын Америкасының, Африканың көптеген елдері және Шығыс Еуропа елдері 1970–1980 жылдары көрді, мұнда инфляциялық салық орасан зор болды. Мысалы, Қазақстан 1992–1994 жылдары гиперинфляцияны бастан кешірді және бағалардың өсуі шамамен 3 000%-ға жетті.



«Экономикс» оқулығының 609-бетінде Германияда 1920 жылдары болған гиперинфляция туралы мысал келтіріліп, былай делінген: «мейрамханаларда тамақтанатын адамдар кейде тамақ ішпей тұрып есеп-шотты төлеуді жөн көретін, себебі олар тамақ ішіп жатқанда тамақ бағасы өсіп жатқан!».

Гиперинфляция – баға деңгейінің төтенше және үдемелі арту кезеңі.

Инфляцияның осындай түрі өте мұқият бақылауға алынады және күн тәртібінде кеңінен қарастырылады, өйткені өте жоғары жылдамдықпен өсетін бағалар бірқатар мәселелер тудырып, қоғамға әлеуметтік-экономикалық зардаптар әкеледі.

Инфляция мәселесінің салдарынан халықтың, фирмалардың және мемлекеттің ақшалай нақты табыстары төмендейді. Бұл атаулы және нақты табыстарының арасындағы айырмашылықпен анықталады. Мұндай жағдайда әдетте, тұрақты (тіркелген) табыс табатын адамдар инфляция кезеңдерінде көп зардап шегеді, яғни «тапталған немесе тозған аяқ киім» шығындары орын алады. Адамдар банкке жиі барады, банкте жиналатын өз байлықтарын қолма-қол ақшаға айналдырып, күнделікті транзакциялар жасау үшін ақшаны көбірек жұмсайтын болады және азырақ тауардың соңынан көбірек ақша қуып жүреді.

«Тозған аяқ киім құны» – инфляция адамдарды өз ақша қаражатын қысқартуға мәжбүр-легенде босқа жұмсалған ресурстар құны.

Инфляция байлық пен табыстың қайта бөлінуіне алып келеді. Демек, қарыз алғандар өздерінің кредиторлары арқылы байиды. Дебиторлар барлық деңгейде ұтады, яғни қарыз ақшаның белгілі бір сатып алушылық қабілетінде берілгендіктен ол белгілі бір уақыттан кейін кредиторға құнсызданып барып қайтарылады. Бұл жерде үлкен мемлекеттік қарызға батқан үкімет те ұтады. Инфляция төлем мерзімін кейінге қалдырған адамдардың пайдасына ақшаны қарызға берген адамдардың есебінен табыс пен байлықты қайта бөледі. Инфляция жылжымайтын мүліктің құнын арттырады.

Инфляция кезеңдерінде нарықта сұранысқа ие тауарлы-материалдық қорларға деген бағалар өседі. Сондықтан тұрғындар мен кәсіпорындар өздерінің тез құнсызданып кетуі мүмкін ақшалай қаражаттарын мүмкіндігінше тез арада қорларға айналдыруға тырысады. Бұл экономикалық агенттердің қолында ақша қаражаттарының жетіспеушілігіне алып келеді. Тауарларды дүрлікпе сатып алуға тырысудың нәтижесі сұраныс инфляциясының күшеюіне алып келеді.

Инфляция ұзақ мерзімдік инвестициялаудың мүмкіндіктерін төмендетеді. Инфляция фирмалардың амортизациялық қорларын құнсыздандырады, сөйтіп ұдайы өндірістің қалыпты жұмыс істеуі бұзылады және үдерісі қиындайды. Инфляция жинақ түрлерінің (салымдардың, облигациялар мен сақтандырулардың, т.б.) нақты құнын төмендетеді. Адамдар мұндай жағдайда ақша жинамауға тырысады, ал фирмалар болса өздерінің тапқан табыстарын ағымдық тұтынуға бағыттайды, соның салдарынан қоғамның қаржылық ресурстары қысқарады.

Инфляция әсерінен салықтың салудың бұрмалануы орын алады. Инфляция тұрғындар мен кәсіпорындардың ақша қаражаттарын салықтар арқылы жасырын тәркілеуге алып келеді. Бұл салық төлеушілердің атаулы табыстарының өсуінен салық салудың аса жоғары тобына автоматты түрде өтуінен орын алады.

Дефляция құбылысына тоқталып өтейік. Жоғарыда атап өткеніміздей, дефляция бағалардың жалпы деңгейі мен шығындардың төмендеуін сипаттайды. Дефляция салыстырмалы түрде сирек кездесетін және ұзақ уақытқа созылмайтын құбылыс болады. Көптеген ел экономикасы инфляцияны әртүрлі деңгейде сезінеді және шынайы түрде инфляция қарқыны жылына 1-2% болса, бұл жағдай экономика үшін пайдалы көрінеді, өйткені, ол тұтынушыларға дұрыс шешім қабылдауға, фирмаларға өз өндірістерін кеңейтуге және мемлекет үшін экономикалық белсенділікті көтеруге аса қолайлы жағдайлар жасайды. Алайда дефляцияның да проблемалары болады. Әсіресе, бұл заемшылар мен кредиторлар арасындағы байланыс мәселелері. Мәселен, дефляция салдарынан пайыз мөлшерлемелері төмендейді. Депозитте ақша ұстаушылар үшін бұл тиімсіз және олар депозиттерінен салған ақшаларын шығарып ала бастайды. Салымшылар осылай жасай берсе, банктер қиындықтарға тап болып, несиелендіру мүмкіндіктері төмендей бастайды.



## Инфляция мен жұмыссыздықтың өзара байланысы. Филлипс қисығы

Көптеген экономистер инфляция қарқынының жұмыссыздықтың деңгейімен өзара байланысын зерттеген. Бұл байланыс 1958 жылы Лондон экономикалық мектебінің профессоры, Жаңа Зеландиялық экономист Албан Филлипстің үлгісінде терең зерттелді. Ол 1861 мен 1957 жылдар аралығындағы кезеңде Ұлыбритания экономикасының статистикалық деректерін талдаудың нәтижесінде мынадай қорытындыға келген, яғни егер жұмыссыздық 3%-дық деңгейден асса, онда бағалар мен атаулы жалақының өсу қарқыны төмендей бастайды. Олай болса, жұмыссыздық пен атаулы жалақының қарқыны (кейіннен, инфляция қарқыны) арасындағы өзара байланыстың графикалық кескіні Филлипс қисығы деп аталады.

Кейіннен, Ричард Липсей, Пол Самуэльсон және Роберт Солоу сияқты экономистер Филлипстің моделіне өзгеріс енгізіп, оның идеяларын одан әрі дамытты: жалақының өсу қарқыны деген көрсеткішті инфляция көрсеткіші деп өзгертті. Филлипс қисығы қысқа мерзімді кезеңде жұмыссыздық пен инфляцияның арасындағы өзара байланысты көрсетеді («Экономикс» оқулығының 733-бетіндегі 35.1-сызба) және Самуэльсонның пікірінше, тиімді саясатты жүргізу арқылы жұмыссыздық пен инфляция арасындағы «өзара келісім» (компромисс) нүктесін табуға көмектеседі. Бұл өзара келісімнің шарты Филлипс қисығының көлбеулігімен анықталады. Қысқа мерзімді кезеңде бағалар мен жалақы мөлшерлемелерінің инфляциялық сипатта өсуі еңбек ұсынысын ынталандырып өндірісті арттырады. Ал инфляциялық үдерістерді басу жұмыссыздықтың өсуін туындатады. Осылайша, Филлипстің үлгісін дамытқан ғалымдар Филлипс қисығының экономикалық саясат үшін маңыздылығын түсінген.

Филлипс қисығы – қысқа мерзімді кезеңде инфляция мен жұмыссыздық деңгейінің арасындағы теріс тәуелділікті көрсететін үлгі. Американ экономисі Джордж Акерлоф 2001 жылы Нобель сыйлығын алған дәрісінде Филлипс қисығына қатысты тәуелділікті «ең маңызды макроэкономикалық тәуелділік» деп атаған болатын.

Филлипс қисығы үлгісін AD-AS үлгісімен байланыстыруға болады. Байланыс нәтижесінде жиынтық сұраныстағы өзгерістер қысқа мерзімде инфляция мен жұмыссыздық комбинацияларын көрсетеді. Тауарлар мен қызметтерге жиынтық сұраныстың өсуі қысқа мерзімде өндіріс көлемінің және жұмысбастылықтың жоғарылауына (сәйкесінше, жұмыссыздықтың төмендеуіне) және бағалар деңгейінің де өсуіне әкеледі. Осылайша, жиынтық сұраныстағы өзгерістер, қысқа мерзімді кезеңде инфляция мен жұмыссыздықты қарама-қарсы бағытта жылжытады.

Осы байланысты «Экономикс» оқулығының 734-бетіндегі 35.2-сызбадан көруге болады. Егер экономикада жиынтық сұраныс төмен болса, онда өндіріс көлемі де, баға деңгейі де төмен. Ал жиынтық сұраныс көлемі жоғары болса, онда өндіріс көлемі де, баға деңгейі де жоғары. Алдыңғы дәрістерде айтылғандай, фискалдық және монетарлық саясат нәтижелері жиынтық сұранысты өзгертпейді. Сәйкесінше, фискалдық және монетарлық саясат экономиканы Филлипс қисығының бойымен жылжыта алады. Мәселен, ақша массасының көбеюі, мемлекеттік шығындардың артуы және салық салудың қысқартылуы жиынтық сұранысты ұлғайтады және экономиканы Филлипс қисығындағы төмен жұмыссыздық пен жоғары инфляциямен сипатталатын нүктеге жылжытады және керісінше, ақша массасының төмендеуі, мемлекеттік шығындардың азаюы және салық салудың көтерілуі жиынтық сұранысты қысқартады және экономиканы Филлипс қисығындағы төмен инфляция және жоғары жұмыссыздықпен сипатталатын нүктеге жылжытады.

Дегенмен соңғы жылдары әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, инфляцияның жоғары қарқынымен қатар жұмыссыздықтың жоғары деңгейі де бірге жүріп отырады. Дәлірек айтсақ, бұл күрделі құбылыс жоғарыда аталып өткендей, стагфляция деген атқа ие болып 1973-1975 жылдары орын алған экономикалық дағдарыспен байланысты еді, сонымен қатар, 80-ші жылдары жұмыссыздық пен инфляцияның бір уақытта төмендегендігі де байқалған. Сол себепті Филлипстің теориясына және оның аясында жүргізілген экономикалық саясатқа сенімсіздік туындады. Осыған байланысты осы теорияны әріқарай жетілдірудің қажеттілігі пайда болды.

Филлипс қисық сызығы теориясының аясындағы жаңа көзқарастар М. Фридмен мен Э. Фелпстің жұмыссыздық табиғи деңгейі теориясы арқылы көрініс тапты. Осы теорияға сәйкес



екі ғалымның ойынша Филлипс қисығы қысқа және ұзақ мерзім аралықтарында қарастырылған жөн. Ұзақ мерзімде Филлипс қисығы тік сызық түрінде болады. Егер жұмыссыздықтың нақты деңгейі табиғи деңгейіне тең болса, онда инфляцияның нақты деңгейі инфляцияның күтілген деңгейіне сәйкес келеді.

«Экономикс» оқулығының 736-бетіндегі 35.3-35.4-сызбалардан ұзақ мерзімдегі Филлипс қисығының сипаттамаларын түсіндіруге болады. Мұнда ақша массасының өсуі инфляция деңгейін анықтайды. Инфляция деңгейіне қарамастан, жұмыссыздық деңгейі өзінің табиғи деңгейіне талпынады. Нәтижесінде ұзақ мерзімде Филлипс қисығы тік сипатқа ие болады.

Филлипс қисығын ұзақ мерзімде қарастырғанда бейімделушілік және оңтайлы инфляциялық күтімдер теориясы қолданылады.

Екі теория да толық жұмысбастылық жағдайында (немесе жұмыссыздықтың табиғи деңгейінде) экономикалық агенттердің инфляциялық күтімдерінің мемлекеттің экономикалық саясатының жүргізілуі кезінде орындалатындығын сипаттауға тырысады.

Бейімделушілік күтімдер – инфляцияның нақты деңгейі негізінде сол инфляцияны экономикалық агенттердің болжай алу мүмкіндіктері. Олар инфляцияның нақты деңгейімен сәйкес келмейді және кезеңділікпен қайта қаралып субъектілер өз қателерін түзетіп отырады.

Оңтайлы күтімдер – экономикалық субъектілердің өздерінің инфляциялық болжамдарында қолдарындағы бар ақпаратты неғұрлым ұтымды пайдалана алу мүмкіндіктері және олар өз есептеулерінде қателеспейді деген болжамдар.

Бейімделушілік және оңтайлы күтімдер теориясы шеңберінде Филлипстің ұзақ мерзімдегі қисығын зерттеу үкіметтің толық жұмыс-бастылық жағдайында жиынтық сұранысты ынталандыру жолымен өндірісті кеңейтуге бағытталған шаралары инфляциялық үдерістердің күшеюіне алып келетіндігін көрсетеді. Инфляцияны басқару үшін іс-шаралардың ауқымды кешені қолданылуы тиіс. Сол себепті антиинфляциялық саясатты жүргізудің қажеттілігі туындайды.

## Түйін

1. Инфляция – бағалардың орташа деңгейінің өсу қарқыны, бірақ бұл жағдайда барлық бағалар өседі деуге болмайды. Инфляция кезінде кейбір бағалар бір қалыпта қалады, ал кейбір бағалар төмендейді. Инфляцияның пайда болу себептері монетарлық және монетарлық емес болып бөлінеді.

2. Сұраныс инфляциясы – өндірістің нақты көлеміне қарағанда жиынтық сұраныстың артықшылығынан туындайтын және сатып алушылар тарапынан болатын инфляцияның бір түрі. Ұсыныс инфляциясы – өндіріс шығындарының және ресурстар бағаларының күрт өсуіне байланысты орын алатын дайын өнімге деген бағаның өсуі мен өндіріс көлемінің қысқаруын білдіретін сатушылар тарапынан болатын инфляцияның түрі.

3. Инфляцияның әлеуметтік-экономикалық зардаптары халықтың, кәсіпорындардың және мемлекеттің ақшалай табыстарының нақты төмендеуіне алып келеді; байлық пен табыстың қайта бөлінуіне алып келеді; нарықта сұранысқа ие тауарлы-материалдық қорларға деген бағалар өседі; ұзақ мерзімдік инвестициялаудың мүмкіндіктерін төмендетеді; фирмалардың амортизациялық қорларын құнсызандырады, сөйтіп ұдайы өндірістің қалыпты жұмыс істеуі бұзылады және үдерісі қиындайды; инфляция жинақ түрлерінің (салымдардың, облигациялар мен сақтандырулардың, т.б.) нақты құнын төмендетеді; тұрғындар мен кәсіпорындардың ақша қаражаттарын салықтар арқылы жасырын тәркілеуге алып келеді. Бұл салық төлеушілердің атаулы табыстарының өсуінен салық салудың аса жоғары тобына автоматты түрде өтуінен орын алады.

4. Жұмыссыздық пен атаулы жалақының қарқыны (кейіннен, инфляция қарқыны) арасындағы өзара байланыстың графикалық кескіні Филлипс қисығы деп аталады. Филлипс қисығын ұзақ мерзімде қарастырғанда инфляциялық күтімдер теориясы қолданылады. Күтімдердің екі түрі кеңінен қолданылады: бейімделушілік күтімдер – инфляцияның нақты деңгейі негізінде сол инфляцияны экономикалық агенттердің болжай алу мүмкіндіктері. Олар инфляцияның нақты деңгейімен сәйкес келмейді және кезеңділікпен қайта қаралып



субъектілер өз қателерін түзетіп отырады. Оңтайлы күтімдер – экономикалық субъектілердің өздерінің инфляциялық болжамдарында қолдарындағы бар ақпаратты неғұрлым ұтымды пайдалана алу мүмкіндіктері және олар өз есептеулерінде қателеспейді деген болжамдар.

### Шолу сұрақтары:

1. Инфляция құбылысы қалай сипатталады?
2. Дефляция құбылысының артықшылықтары мен кемшіліктері қандай?
3. Инфляцияның қарқынын қалай есептеуге болады?
4. Инфляцияның пайда болу себептеріне байланысты қандай түрлері болады?
5. Филипс қисығы қандай байланысты көрсетеді?
6. Филипс қисығына қатысты көзқарастар қандай?
7. Инфляциялық күтімдер теориясы қалай сипатталады?

### Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Макроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Алматы, Print-S, 2012. – 460 б. 10-тақырып.
2. Мамыров Н.Қ., Тілеужанова М.Ә. Макроэкономика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2003. 3-тарау.
3. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. А.А. Абишева, К.А. Хубиева. – Алматы: «Экономика», 2009. Раздел 3, глава 7.
4. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Макроэкономика. 4-е изд. – Спб.: Питер, 2011. Глава 8.
5. Агапова Т.А., Серегина С.Ф. Макроэкономика: Учебник / Под общ. ред. д.э.н., проф. А.Ф. Сидоровича; МГУ им. М.В. Ломоносова. – 10-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2013. Главы 3, 10.
6. Курс экономической теории: Учебник – 7-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2017. (Раздел 3: Макроэкономика; Раздел 4: Международные аспекты экономической теории). Глава 23.
7. Селищев А.С. Макроэкономика. 3-е изд. – Спб.: Питер, 2005. Главы 15.
8. Ивашковский С.Н. Макроэкономика: Учебник. 2-изд., испр., доп. – М.: Дело, 2002. Глава 5.
9. Н. Грегори Мэнкью. Принципы макроэкономики. 4-е изд. / Пер. с англ. – СПб.: Питер, 2012. – 544 с.